

Жамбыл облыстық қан орталығы» ШЖҚ МКК
Қан дайындау бөлімі
Хаттама № 17

14.07.2023ж .

Тараз қаласы

Қатысқандар: Персоналды басқару қызметінің бастығы А.Д Журмухамедова, ДЖ және ДӨББ дәрігер-терапевті Ж.К. Шолпанкулова, инфекциялық бакылау медбикесі-Д.Айтмаханбетқызы, ҚТБ аға зертханашысы-Г.И.Елеусинова, қалдықтарды жою бөлімінің медбикесі - А.С.Данаева, орталық залалсыздандыру бөлімінің медбикесі-Э.Мусаева, қан дайындау бөлімінің аға мейіргері уақытша м.а. А.А.Бабаев, қан орталығының орта және кіші медицина қызметкерлері.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Донорлықты әлеуметтік жобалау қурстық жұмысы.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес.

Сөз сөйлеген: Қан дайындау бөлімінің медбикесі - С.Кобдикова.

Мақсаты:1 Халық арасында әлеуметтік донорлық мәселелерін зерттеу.
2 Сыбайлас жемқорлықпен күресу.

1. Әдеби деректерді талдау негізінде донорлықтың теориялық аспектілерін зерттеу
 2. Донорлыққа қарсы көрсеткіштерді зерттеу.
 3. Донорлық туралы пікірлерін зерттеу үшін респонденттермен сауалнама жүргізу.
- Донор – қанын, онымен сырқаттарға денсаулық, өліп жатқандарға өмір беретін адам. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекстің 203-бабына сәйкес, 18 жастан асқан, тиісті медициналық тексеруден өткен және ешқандай қарсы көрсетілімдері жоқ, донор болуға өз еркімен ниет білдірген кез келген дені сау адам дерлік (донорлық) қанды және оның компоненттерін медициналық мақсатта қолданса, донор бола алады. Қан құю қызметтері денсаулық сақтау жүйесіндегі маңызды қызметтердің бірі болып табылады және қан тапсырған адамдар басқалардың денсаулығы мен ұзақ өмір сүруіне ерекше үлес қосады. Әр елдің алдында ұлттық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қауіпсіз донорлардан жеткілікті қан алу мәселесі тұр.

Ерікті өтеусіз донорлардың қан тапсыруы ұлттық қанмен қамтамасыз етудің қауіпсіздігі мен тұрақтылығы үшін маңызды деп танылады. Трансфузияны қажет ететін пациенттердің отбасы мүшелері мен достарының алмастыру донорлығына негізделген жүйелер қанның клиникалық қажеттіліктерін өте сирек қанағаттандырады, ал ақылы донорлық қан реципиенттерінің де, донорлардың да денсаулығы мен қауіпсіздігіне үлкен қауіп төндіреді.

Кейбір елдерде ерікті қан тапсыру жүйесі жақсы қалыптасқанымен, олардың көпшілігі отбасылық/алмастырушы донорларға және кейде әртүрлі дәрежедегі ақылы донорларға тәуелді болып қалады. Қауіпсіз қан донорлығының берік іргетасын құру тиімді ерікті қан тапсыру бағдарламасын құруды ғана емес, сонымен қатар халықтың хабардарлығын арттыруды және қан донорлығының әлеуметтік

норма ретінде маңыздылығын мойындауды талап ететін ұзақ мерзімді көзқарасты талап етеді.

2. Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық қозғалысқа барлық мүдделі топтар: мемлекеттік қызметшілер, кәсіпкерлер, инвесторлар, тәуелсіз сарапшылар, еріктілер және басқалар тартылуда. Департамент тарапынан барлық мүдделі тараптармен бірлескен жұмыстар жүйелі түрде атқарылып келеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру – Агенттік қызметінің маңызды және өзекті бағыттарының бірі болып табылады.

Ағымдағы жылдың 3 қаңтарында Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексе бойынша заң жобасына консультативтік құжатқа мынадай:

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін заңды тұлғалардың жауапкершілігін күшейту;

- сыбайлас жемқорлық әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін ескіру мерзімін ұлғайту;

- мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілігін белгілеу;

- ӘҚБТК-нің кейбір баптарын әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жатқызу.

Бұл өзгерістер бойынша заң жобасын 2023 жылы Парламентке енгізу жоспарлануда.

Құрметті әріптестер, өздеріңіз көріп отырғандай заң аясында жауапкершілік күшеюде. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Агенттіктің алдына қойған міндеттемелері мен басымдылықтарын белгіледі. Ендігі кезекте, жүктелген міндеттемелерді барынша жүзеге асыратын боламыз. Осы жұмысқа сіздерді белсенді қатысуға және жемқорлық әрекеттерден бойды аулақ ұстап, еліміздің дамуына үлес қосуға шақырамыз.

Шешімі: 1. Қан тапсыру оң тәжірибе болуы керек. Донорлардың донорлық тәжірибесінің сапасын бағалауы олардың болашақта донорлыққа қайту оралу туралы шешім қабылдауында маңызды рөл атқарады. Донорлар алдағы процедураларға аландану мүмкін, әсіресе донорды тандау сауалнамасы жеке өмірге қол сұғу болып көрінуі мүмкін. Респонденттердің көпшілігі донорлар туралы қоғамның тану және бағалауын тантады-55 пайыз бұл біздің қоғамда донорларды халық арасында танудың дамымағанын дәлелі.

2. Жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керек. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.

Хатшы



С.Кобдикова